

Серікбай Қошқаров

Ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосқан педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Қошқаров Серікбай Иманбайұлы.

Ғылым жолына ден қойған Серікбай Иманбайұлы – шәкірттерінің шынайы ықыласына бөленген ұлағатты ұстаз.

Ғалым суармалы жерлердің ылғал-тұз режимдерін, егістікте суды тиімді пайдалану жолдарын зерттеді. Оның жетекшілігімен ғылым кандидаттары дайындалды. Жыл сайын докторанттарға, магистранттар мен студенттерге ғылыми жетекшілік жасап, шәкірттерге дәріс беруде. Профессор – 187 ғылыми мақаланың, екі монографияның авторы.

Педагог тәжірибе жинақтау мақсатында Ресейдің Краснодар қаласындағы Кубан мемлекеттік аграрлық университетінде "Ауыл шаруашылығы дақылдарының тыңайтқыш жүйесі", "Су мелиорациясының экологиялық мәселелері», «Жер ресурстарын тиімді пайдалану" тақырыптары бойынша тағылымдамадан өтті.

Шәкірттері ауылшаруашылығы мекемелерінде, басқа да өндірістік ұйымдарда еселі еңбек етуде. Айталық, Марат Бозғұлов – "Қазсушар" РМК Қызылорда филиалының "Солтүстік Арал теңізі бөгеті және Ақлақ су торабы" өндірістік учаскесінің басшысы, Әліби Бекжанов – "ЕР-ӘЛИ" шаруа қожалығының басшысы, Марат Құрманбаев – облыстық экология департаментінің басшысы, Ержан Қуандықов – «Арал» салынып жатқан кәсіпорындарының бірлескен дирекциясы филиалы директорының орынбасары, Айдос Асанбаев – «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының «ҚызылордаСуШар» өндірістік учаскесінде бөлім басшысы.

Серікбай Иманбайұлы «Құрмет» орденімен, Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», Қорқыт ата атындағы ҚМУ 70 жылдығына және 75 жылдығына арналған медалімен марапатталған. Сондай-ақ, профессор 2020 жылы «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атанды.